8D01201 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты Анарбек Лаура Анарбекқызының дайындаған «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациясына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Анарбек Лаура Анарбекқызымен докторантураға түскен күннен бастап бірге жұмыс істеп келемін. Осы жылдар ішінде ол өзін мақсатқа ұмтылған, еңбекқор, ғылыми ізденісі тұрақты, алған ісін соңына дейін жеткізетін жауапты зерттеуші ретінде көрсетті. Докторант зерттеу тақырыбын мектепке дейінгі білім беру саласына деген терең кәсіби қызығушылығы негізінде таңдады, сондықтан диссертациялық жұмыс оның кәсіби ізденісінің заңды жалғасы болып табылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі бірнеше себеппен айқындалады. Біріншіден, мектепке дейінгі білім берудің сапасы ең алдымен педагогтің кәсіби деңгейіне және оның өз дамуын үздіксіз жетілдіре алу қабілетіне байланысты. Екіншіден, жоғары оқу орнындағы кәсіби даярлық болашақ педагогке білім мен білік беріп қана қоймай, оны кәсіби шыңға (акмеге) саналы ұмтылуға, өз дамуын жоспарлап, бағалай білуге даярлауы тиіс. Үшіншіден, білім беру бағдарламасында акмеологиялық әлеует болғанымен, ол жүйесіз әрі жанама түрде іске асады, ал болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамыту мәселесі отандық педагогика ғылымында арнайы зерттеу нысаны болған жоқ. Осы қайшылықтарды шешуге бағытталған Анарбек Лаура Анарбекқызының «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациясы уақыт талабына сай, ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті зерттеу.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы айқын. Докторант акмеологиялық құзыреттілікті мотивациялық-құндылықтық (аксиологиялық), когнитивтік (танымдық), операционалды-әрекеттік (практикалық) және рефлексивтік-бағалау компоненттерінің бірлігінен тұратын интегративті кәсіби-тұлғалық сапа ретінде анықтап, оның өлшемдері мен көрсеткіштерін негіздеді. Зерттеуде «балаға бағытталған акме», «акме-траектория», «кәсіби жақын даму аймағы», «акмеологиялық рефлексия» ұғымдары мен «қос айна» заңдылығы ұсынылып, ғылыми айналымға енгізілді

Зерттеудің теориялық маңыздылығы құрылымдық-мазмұндық модель мен оны іске асырудың төрт педагогикалық шартын ғылыми тұрғыдан негіздеуде, сондай-ақ кәсіби стресске жауап берудің үш деңгейін (кәсіби күйіп кету, акмеге ұмтылу, акме) ажыратып, стрессті басқару мен лидерлік сапаның акмеге жетудегі рөлін ашуда көрінеді. Докторант әзірлеген элективті курс бағдарламасы, дәрістер жинағы, «Акмеология» оқу құралы, «Акмеологиялық сөздік» және «Акме-ALACT» әдістемелік нұсқаулығы зерттеудің практикалық құндылығын арттырады.

Анарбек Лаура Анарбекқызының жеке басына тән қасиеттердің ішінде ғылыми адалдықты, өз пікірін дәлелмен қорғай білуін және сонымен бірге сын-ескертпелерді ашық қабылдап, жұмысын үнемі жетілдіруге дайын тұруын ерекше атап өткім келеді. Ол ғылыми әдебиетпен, оның ішінде шетел тіліндегі дереккөздермен дербес жұмыс істей алады, тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыруда ұйымдастырушылық қабілет пен табандылық танытты. Докторант әріптестерімен және болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерімен тіл табыса біледі, мейірімді, ұстамды, педагогтік әдеп нормаларын сақтайды. Зерттеу нәтижелерін ғылыми конференцияларда баяндап, рецензияланатын басылымдарда жариялау арқылы ғылыми қауымдастықта таныла бастады.

Докторант зерттеу барысында ғылыми этика талаптарын қатаң сақтады, жұмыстың барлық кезеңін дербес орындады. Оның ғылыми ойлау мәдениеті, жүйелі талдау және қорытынды жасау қабілеті жоғары деңгейде қалыптасқан. Бұл қасиеттер оның болашақта өз бетінше ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге және жас зерттеушілерге жетекшілік етуге дайын екенін көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Анарбек Лаура Анарбекқызының «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акмеологиялық құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған, дербес орындалған ғылыми зерттеу болып табылады және 8D01201 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға сай келеді деп есептеймін және диссертациялық кеңесте ашық қорғауға ұсынамын.

Пікір беруші:
Отандық ғылыми кеңесші
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор **У.К. Кыякбаева**